

## Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 38 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық бас дәрігерінің 2003 жылғы 24 қыркүйектегі N 61 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 25 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 2506. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 шілдедегі N 578 бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.07.30 N 578 (ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 18 қазанда N 2017 тіркелген және 2002 жылғы "Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінің" N 47 басылымында жарияланған Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі "Азық-түлік рыноктарын орналастыруға, ұстауға және пайдалануға қойылған санитарлық-гигиеналық талаптар" санитарлық ережелер мен нормаларды бекіту туралы" N 38 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Азық-түлік рыноктарын орналастыруға, ұстауға және пайдалануға қойылған санитарлық-гигиеналық талаптар" санитарлық ережелер мен нормаларға:

"Әкімшілік азық-түлік рыногына қойылатын талаптар" деген 9-тарауда 64-тармақтағы 4) тармақшада "сондай-ақ рынокқа жапсарлас аумақты" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрілігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің төрағасы В.А.Меркерге жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК